

№6 тәжірибелік сабақ. Мемлекет және азаматтық қоғам

Жұмыстың мақсаты мен міндеті: Сайлау саяси процесс ретінде, сайлау функциялары, сайлау жүйе мағынасы және ұғымы жайлы студенттермен ақпарат алмасу.

Техникалық және инструментальдық құралдары: интерактивті тақта, проектор сызба – кестелер

Тәжірибелік сабақ оқыту нәтижелері: Сайлау-демократиялық мемлекеттегі ең маңызды процесс, студенттер сайлау арқылы өкілді билік органдары қалыптасатынын, саяси даму векторы алдын-ала анықталатынын біле алады.

Оқытудың әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ–жауап, түсіндіру, кіріспе лекция, пікір-талас.

Өкілдік табиғатына қатысты қарама-қайшы пікірталастар шарықтап тұрғанмен, ортақ келісімге келетін бір жайт бар: өкілдік процесі сайлаумен және дауыс берумен тығыз байланысты. Сайлау өздігінен саяси өкілдік үшін жеткілікті шарт бола алмауы мүмкін, бірақ қазіргі жағдайда олардың қажетті шарт екеніне күмән жоқ. Шынында да, кейбір ойшылдар бұдан да тереңдеді және сайлауды демократияның жүрегіне теңеді. Бұл көзқарасты Йозеф Шумпетер «Капитализм, социализм және демократия» аталатын еңбегінде сипаттайды. Мұнда демократия халықтың дауыс беруі үшін бәсекелес күрес арқылы мемлекеттік қызметті толтырудың «институттық құралы» ретінде суреттелген. Оның айтуы бойынша, «демократия дегеніміз – адамдардың өздерін басқаратын адамдарды қабылдау немесе олардан бас тарту мүмкіндігіне ие болуы» дегенді ғана білдіреді. Демократияны саяси әдіс деп түсіндіру арқылы Шумпетер іс жүзінде оны сайлаумен, атап айтқанда, бәсекелес сайлаумен байланыстырды. Аз ғана заманауи демократия теоретиктері демократияны жай ғана бәсекелес сайлау деңгейіне дейін қысқартуға дайын болғанмен, негізінен, Шумпетердің демократиялық үкіметті сайлауды басқаратын ереже-лер мен тетіктер тұрғысынан түсіндіруін ұстанады. Бұл сайлауда болуы мүмкін әртүрлі формаларға назар аудартады. Біріншіден, қандай лауазым немесе мансап сайлану принципіне сәйкес келеді? Саясатты жасау жауапкершілігіне ие адамдар сайлауды мемлекеттік қызметті толтыру мақсатында қолданғанмен де, негізгі саяси институттарға кейде ерекше жағдай жасалады. Бұл, мысалы, Ұлыбритания мен Канададағы сияқты заң шығарушы органдардың екінші палатасына және конституциялық монархтар бүгінге дейін мемлекет басшысы ретінде қызмет ететін елдерге қатысты бола алады. Екіншіден, кімнің дауыс беруге құқығы бар, франшиза қаншалықты кең таралған? Жоғарыда атап өткендей, меншік құқығы, білім, жыныс және нәсілдік шығу тегі сияқты факторларға қарай дауыс беру құқығындағы шек-теулер көп елдерде алып тасталған. Соған

қарамастан, бейресми шектеулер болуы мүмкін. Мысалы, АҚШ-тың көптеген штаттарында сайлаушыларды тіркеу толығымен азаматтардың мойнына жүктелген, соның салдарынан тіркеуден өтпеу, дауыс бермеу жағдайлары кең таралған. Екінші жағынан, мысалы, Австралияда, Бельгияда және Бразилияда дауыс беру міндетті саналады. Үшіншіден, дауыс қалай беріледі? КСРО-да 1989 жылға дейін ашық дауыс беру дәстүрге айналса да және бүгінге дейін шағын ұйымдарда қол көтеру арқылы дауыс беру кеңінен қолданылса да, қазіргі саяси сайлау әдетте жа-сырын дауыс беру түрінде өткізіледі (кейде «австралиялық дауыс беру» деп аталады, өйткені алғаш рет 1856 жылы Оңтүстік Австралияда қолданылған). Жасырын дауыс беру әдетте «әділ» сайлаудың кепілі ретінде қарастырылады, өйткені ол сыбайлас жемқорлық пен қорқыту қаупінен сақтайды. Соған қарамастан, сайлаудың әділдігі адамдардың қалай дауыс беретіні туралы мәселені шешумен шектелмейді. Оған сайлаушылардың сенімді және теңдестірілген ақпаратқа қолжетімділігі, оларға ұсынылған таңдау ауқымы, үгіт-насихат жүргізілген кездегі жағдайлар және дауыстың қаншалықты мұқият есептелуі әсер етеді. Төртіншіден, сайлау бәсекеге қабілетті ме, әлде қабілетсіз бе? Бұл әдет-те айырмашылықтардың ең маңыздысы болып саналады, өйткені 1990 жыл-дарға дейін сайлауды пайдаланған елдердің жартысына жуығы ғана өз сай-лаушыларына үміткерлердің де, партиялардың да таңдауын ұсынып келді. Мысалы, ортодоксалдық коммунистік мемлекеттердің қағидасы бойынша бір үміткер сайланатын, яғни мемлекеттік қызмет коммунистік партия арқылы басымдық танытқан үміткермен тиімді толықтырылды дегенді білдіреді. Сайлау бәсекесі – өте күрделі және көбіне даулы мәселе. Бұл сайлауға қатысу құқығына және саяси партиялардың заңды түрде үміткерлер ұсыну және үгіт-насихат жүргізу қабілетіне ғана емес, сонымен қатар партияның қызметіне әсер ететін қаржыландыру көздері мен олардың медиаға қолжетімділігі сияқты факторларға да байланысты. Осы тұрғыдан партиялық жү-йенің сипаты шынайы бәсекелестікті қолдау үшін шешуші болуы мүмкін. Дәл сол сияқты, кім өзін ұсына алады және кім дауыс бере алады деген мәселе жөнінде де осыны айтуға болады. Сайлау қалай өтеді? Сайлау жүйелері бір-бірінен таңғаларлықтай өзгеше. Олардың әр-қайсысының өзіндік саяси және конституциялық мәні бар.

Сайлаудың қызметтері. Сайлаудың және сайлау жүйелерінің айырмашылығына байланысты сай-лаудың рөлі немесе қызметі туралы қорыту қашанда қиын болған. Соған қарамастан, белгілі бір деңгейде демократияландырудың өркендеуі әдетте либерал-демократиялық сайлау жүйелерімен байланыс-тырылып келді. Либерал-демократиялық сайлау жүйесіне жалпыға бірдей сайлау құқығы, жасырын дауыс беру және

сайлауалды бәсекелестік сияқты сипаттар тән. Алайда мұндай жүйелердің маңызын айқындап көрсету әлде-қайда қиын. Харроп пен Миллер (1987) сипаттағандай, бәсекелес сайлау-дың атқаратын қызметі туралы бір-біріне қарама-қайшы екі көзқарас бар.

Сайлаудың негізгі қызметтері:

- Саясаткерлерді жұмысқа тарту. Демократиялық мемлекеттерде сайлау – саяси жұмысқа тартудың негізгі көзі. Оған сондай-ақ партиялардың үміткерлерді ұсыну процесі де кіреді. Осыған байланысты әдетте сая-саткерлер сайлауалды науқандарына қажетті тартымдылық, шешендік өнер және сымбатты келбет сияқты дағдылар мен таланттарды иеленеді. Олардың бойында сайлау міндеттерін орындау, комитеттерде қызмет ету, мемлекеттік департаменттерді басқаруға қа-жет қабілеттердің болуы міндетті емес. Сайлау әдетте, азаматтық немесе сот жүйесіндегі сияқты, маманның білімін немесе тәжірибесін талап ететін қызмет орындарын толтыру үшін пайдаланылмайды. □
- Үкімет құру. Саяси атқарушы билік тікелей дауыс беру арқылы сай-ланатын АҚШ, Ресей, Франция және Венесуэла сияқты елдерде ғана үкімет тікелей сайлау арқылы құрылады. Оған қарағанда жиірек кездесетін парламенттік жүйеде сайлау үкіметтің қалыптасуына әсер етеді. Әсіресе сайлау жүйесі бір партияға анық парламенттік көпші-лік дауысты беруге бейім болғанда осы жағдай айрықша байқалады. Пропорционалды өкілдікті пайдалатын үкіметтің сайлаудан кейінгі әрекеттер арқылы құрылатынын және үкімет сайлаусыз-ақ құрыла да, тарала да алады дегенді білдіруі мүмкін. □
- Өкілдікті қамтамасыз ету. Егер сайлау әділ және бәсекеге қабілетті болса, ол үкіметке халықтың талабын жеткізетін құралға айналады. Алайда мандаттың орындалуын қамтамасыз ету үшін сайлаушылардың бастамалар мен қайта шақыртудан басқа қолданатын тиімді құралда-ры жоқ. Олар келесі сайлауда ғана жазалай алады. Сонымен қатар сайланған үкімет еш жерде ірі қоғамның микрокосмосын құрай алмайды. Сайлау мен демократия арасындағы байланыс көбінесе тұрақты емес, оны АҚШ-тың жағдайынан да көруге болады. □
- Саясатқа ықпал ету. Сайлау үкіметтің радикалдық және көпшіліктің көкейіне қонбайтын саясат жүргізуіне кедергі келтіретіні күмән тудырмайды; дегенмен ерекше жағдайларда, мысалы бір мәселе сайлау науқанында басым болған жағдайда ғана, олар саясатқа тікелей ықпал етеді деп айтуға болады. Сайлау науқанында ұсынылған саяси жоба-ның ауқымы әдетте өте тар болатындықтан, ол тек болар-болмас саяси нәтижеге қол жеткізе алады деуге келеді. Басқа топтағылар үкімет саясаты қандай

жағдайда да электоралдық пікірлерден емес, іс жүзінде экономикалық талаптарға байланысты қалыптасады деген пікірде. □

- Дауыс берушілерге білім беру. Үгіт-насихат процесі сайлаушыларға партиялар, үміткерлер, саясат, қазіргі үкімет жазбалары, саяси жүйе т.б. туралы көптеген ақпарат береді. Алайда осы ақпарат және оны беру әдісі немқұрайдылық пен жатсынуды емес, қоғамдық мүддені оятып, пікірталасқа жетелейтін болса ғана ол білім бола алады. Үміткерлер мен партиялар білім беруді емес, сендіруді көздейтіндік-тен, олар ішінара және бұрмаланған ақпарат беруге барынша ынталы келеді. □
- Легитимдікті құру. Авторитарлық режимдердің де, өзі бәсекеге қабілетсіз екенін біле тұра, сайлау өткізуге құлықты болу себептерінің бірі – сайлау басқару жүйесінің негізді болуын қамтамасыз ету арқылы легитимдікті орнықтыруға көмектеседі. Бұл сай-лау алдындағы үгіт-насихат кезінде жүргізілетін рәсімнің қандай да бір жолмен сайлауға салтанатты мәртебе мен маңыздылық беруіне бай-ланысты. Ең бастысы – азаматтарды саясатқа қатысуға, тіпті шектеулі дауыс беру түрінде қатысуға үндеу арқылы сайлау келісімнің белсенді болуын үдетеді. □
- Элиталарға күш беру. Сайлау сондай-ақ элиталардың көпшілікті өз еркінше басқаруына және бақылауына мүмкіндік беретін құрал бола алады. Прудон осы ықтималдыққа байланысты «жалпыға бірдей сайлау құқығы – контрреволюция» деген ескерту айт-ты. Конституцияға бағдарлайтын сайлау арқылы саяси наразылық пен оппозицияны бейтараптандыруға болады және бір үкімет келіп, бір үкімет кетіп, ауысып жатқанда да режим өзгеріссіз сақталып отырады. Сайлау әсіресе осы тұрғыда тиімді, өйткені азаматтар үкіметке билік етіп отырғандай әсер алады.

Саяси жетекшілердің функциялары. Қарапайым мағынада саяси жетекшінің міндеті – көшбасшы болу. Осы тұр-ғыда атқарушы билік мемлекеттің өзегі ретінде қызмет етеді. Бұл рөл түрлі саланы қамтиды, яғни саяси атқарушы органдардың мүшелері бірнеше функ-ция атқаруы, ал кейде оларды бір мезгілде атқаруы керек.

Салалардың ең маңыздылары: □

- салтанатты көшбасшылық; □
- саясат жасаушы көшбасшылық;
- қолдауға ие көшбасшылық;
- бюрократиялық көшбасшылық;
- дағдарыстағы көшбасшылық.

Салтанатты көшбасшылық. Мемлекет басшысы, жоғары деңгейдегі жетекшілер және одан төменірек дәрежеде аға министрлер немесе

хатшылар мемлекет «үшін» қызмет етеді. Олар мемлекеттік билікке жеке тұлға сипатын береді, сөйтіп, үлкен қоғамның ай-насы бола алады және оның бірлігін нақты немесе басқалай білдіреді. Бұл рөл, негізінен, ресми және салтанатты сипатқа ие. Мысалы, мемлекеттік іс-шаралар, шетелдік сапарлар, халықаралық конференциялар және келісімдер мен заңнамалық актілерді ратификациялауды қамтиды. Атқарушы емес президенттер мен конституциялық монархтарға кейде іс жүзінде осы сал-танатты міндеттер жүктеледі. Бұл басқа атқарушы лауазымды тұлғалардың үкіметтің күнделікті істерімен айналысуына мүмкіндік береді. Алайда бұл рөл екі себепке байланысты кең мағынаға ие. Біріншіден, ол бірлік пен сая-си адалдықты қамтамасыз етеді, сөйтіп, легитимдікті нығайтуға көмектеседі. Екіншіден, ол атқарушы билік басындағы адамдарға өзін «ұлттық көшбасшы» ретінде көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл қоғамдық қолдау мен сайлаушы сенімін иелену үшін аса маңызды.

Саясат жасаушы көшбасшылық. Саяси атқарушы биліктің негізгі қызметі – саяси процесті бағыттау және бақылау. Қысқасы, атқарушы билік «басқарады». XX ғасырда үкімет міндеттерінің ұлғаюына байланысты бұл рөл де айтарлықтай кеңейтілді. Атап айтқанда, саяси атқарушы билік біршама күрделі және саяси дамыған қоғамдардың экономикалық, сондай-ақ әлеуметтік бағдарламаларын дамытуға және мем-лекеттің күннен-күнге өзара тәуелділік артқан әлемдегі түрлі сыртқы қатынастарын бақылауға қызмет етеді. Мұның маңызды салдарларының бірі атқарушы биліктің заң шығарушы құзыретінің өсуі және оның парламенттің немесе заң шығарушы мәжілістің дәстүрлі міндеттеріне қол сұғуы болды.

Қолдауға ие көшбасшылық. Саяси атқарушы биліктің қолдауға ие болуы, саяси жүйенің кез келген бөлігі сияқты, тұтас режимнің сипаты мен тұрақтылығы үшін аса маңызды. Атқарушы биліктің қолдауға кеңінен ие болуы саяси деңгейде жалпы қоғамның тәртібі мен ынтымағын қамтамасыз етеді. Қарапайым тілмен айтқанда, қоғам немесе қоғамның негізгі топтарының қолдауынсыз саясатты жүргізу қиынға соғады, тіпті мүмкін болмайды. Бұдан да маңыздысы – саяси атқарушы биліктің танымалдығы жалпы режимнің легитимдігімен байланысты. Қоғамның үкіметті немесе әкімшілікті нашар қолдауынан саяси жүйені қолдау әлсіремейді, бірақ үкіметті жою және ауыстыру тетігі жоқ жағдайда жүйені әлсіретуі ықтимал. Бұл мерзімдік және бәсекелік сайлаудың кеңінен қолданылу себебін белгілі бір дәрежеде түсіндіреді. Әрине, бұл танымалдығы төмен және өзгермейтін атқарушы билік қашанда күйреумен тынады деген сөз емес. Мұндай режимдер авторитаризмнің көмегімен ғана өмір сүре алады, бұл халықтық келісімге репрессия мен идеологиялық ай-ла-шарғы арқылы қол жеткізілетінін білдіреді.

Бюрократиялық көшбасшылық. Оның саясаттың жүзеге асырылуын қадағалаудағы міндеті негізгі бюрократиялық және әкімшілік жауапкершілікті саяси атқарушы билік көтере-тінін білдіреді. Яғни жетекшілер, министрлер мен хатшылар мемлекеттік аппаратты басқару тапсырылған – «жоғары басшылықты» құрайды. Бұл жұмыс, негізінен, ведомстволық бағыттар бойынша ұйымдастырылады, аға министрлер саясаттың нақты салаларына және осы салаларды басқарумен айналысатын бюрократтарға жауапты. Әдетте әлдебір кабинеттік жүйе ар-қылы іске асырылатын саясатты неғұрлым жоғары деңгейде үйлестіру қажет-тігі туындайды.

Дағдарыстағы көшбасшылық. Саяси атқарушы биліктің парламент алдындағы бір маңызды артықшылығы – оның тез әрі шешімтал әрекет жасау қабілеті. Ішкі саясатта болсын, халық-аралық саясатта болсын, дағдарыс туған жағдайда қашанда жауап беретін – атқарушы билік. Өйткені ол құрылымы бойынша иерархиялық және жеке көшбасшылыққа мүмкіндік бере алады. Сондықтан мәжілістер соғыс кезінде саяси жетекшілерге диктаторлық деуге болатын өкілеттік тапсырады. Ал табиғат апаты, террорлық қатер, өнеркәсіптік бассыздық және азаматтық толқу сияқты ішкі дағдарыстарға тап болған кезде атқарушыларға «төтенше өкілет-тік» береді. Алайда «төтенше жағдай» жариялау және тиімді атқару тәртібін енгізу құқығы асыра пайдаланылуы мүмкін. Үкіметтер конституционализмді сылтау етіп, бұл өкілеттікті саяси оппозицияны әлсірету немесе жаншу үшін жиі пайдаланады.

Деңгейлік тапсырмалар:

1–деңгейлік сұрақ. Сайлау дегеніміз не? Сайлау жүйесінің ерекшеліктері қандай?

1 –деңгейлік сұрақ. Саяси партия дегеніміз не? Басқа қоғамдық саяси ұйымдардан партияның айырмасы неде?

2–деңгейлік сұрақ. Қазіргі қоғам саяси партияларсыз, қоғамдық саяси қозғалыстарсыз өмір сүре алама?

2–деңгейлік сұрақ. Партияның негізгі қызметтері қандай?

3–деңгейлік сұрақ. Партиялық жүйе деп нені атайды?

ОБӨЖ тапсырмалары: Бірпартиялық, екіпартиялық және көппартиялық жүйелердің басым және осал жақтарын ашып көрсетіңіз.

БӨЖ тапсырмалары: Қазақстанда көппартиялық жүйе құрылды деп айта аласыз ба? Осы ойыңызды дәлелдеңіз.

Негізгі әдебиеттер:

1. Саясаттану. -Алматы: "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, Оқулық, 2020.-520 бет. Хейвуд Эндрю
2. Қазіргі заманның саяси жүйелері мен режимдері. Оқу құралы. / Д. Е. Ақболат. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2020

3. Қоғамдық саясат. Саясат, талдау және баламалар: Оқулық, /Майкл Е. Крафт, Скот Р. Фурлонг.-Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2017.

Қосымша әдебиеттер:

1. Қазақстанның дін жөніндегі мемлекеттік саясаты. А.Т.Асан, А.С.Балапанова, Т.А.Козырев, 2020, Монография
2. Қазақстан республикасының ішкі және сыртқы саясаты пәнінің оқу-әдістемелік кешені.Д. Е. Ақболат. Алматы, 2019
3. Нұрсұлтан Назарбаев: Бейбітшілік және қоғамдық келісім идеясы. Ұжымдық монография. Тоғжанов Е.Л., Әбдәкімов Ә.Ә., Капашникова Н.П., т.б. Астана, 2014

WEB сайттар тізімі:

- 1 <http://rmebrk.kz/> Саясаттану. Оқу-әдістемелік құрал. А.А.Иманбаева, Алматы, 2017.
2. <http://rmebrk.kz/> Саясаттану. Оқулық. У.К.Абдыкалыков, Ж.К.Симтиков, Алматы, 2018
- 3.<http://rmebrk.kz/>Саясаттану: Оқулық. - 2-ші бас. Г.М. Серғазина, Р.Н. Абылқалықова - Қарағанды: Medet Group, 2019